

«АЛТЫН САНДЫҚ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Алтын Сандық» Бағдарламасының Регламенті (бұдан әрі – «Регламент») Компанияның зергерлік бұйымдарын (бұдан әрі мәтін бойынша – «әшекей бұйымдар») іске асыру мақсатында «Алтын Сандық» Бағдарламасын (бұдан әрі – «Бағдарлама») ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды. Бағдарлама Компанияның ең адал Клиенттері арасында жүзеге асырылады.

1.2. Компания Бағдарлама өткізіліп жатқан сәттен бастап және осы Регламентке сәйкес Бағдарлама қатысушысына тиісті әшекей бұйымға меншік құқығы берілгенге дейін аталған әшекей бұйымдардың меншік иесі болып табылады.

1.3. Компания Бағдарламаны жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, өз Жарғысын, осы Регламентті және Компания бекіткен өзге де ішкі құжаттарды басшылыққа алады.

1.4. Осы Регламентте келесі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) **«Клиент»** – Компаниямен қолданыстағы немесе бұрын қолданыста болған микрокредит беру туралы шарты бар жеке тұлға;
- 2) **«Компания»** – «М-Ломбард» ЖШС және (немесе) «МК-Ломбард» ЖШС;
- 3) **«Қосымша»** – «M-Lombard» мобильді қосымшасы. Қосымша Компания ұсынатын қызметтерді пайдалануға мүмкіндік береді және арнайы функционал арқылы Бағдарламаға қатысуға, сондай-ақ Регламентке сәйкес тиісті шартты жасасуға қажетті Компания мен Қосымша қолданушысы арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді. Қосымша Клиенттің ұялы телефоны немесе интернет желісіне қосылған өзге де құрылғысы арқылы қолданылады;
- 4) **«Сертификат»** – Регламентке сәйкес Бағдарлама шарттарымен әшекей бұйымды сатып алуға Бағдарлама қатысушысына құқық беретін цифрлық растау құжаты;
- 5) **«Бағдарлама қатысушысы»** – Компанияның адал Клиенті болып табылатын және өзіне берілген Сертификаты бар жеке тұлға. Бағдарлама қатысушысы Сертификат негізінде Бағдарлама аясында әшекей бұйымды арнайы шарттармен сатып алуға құқылы.

1.5. Бағдарлама қатысушысы Компаниядан алған Сертификатты пайдалануға шешім қабылдағанға дейін осы Регламентпен және сату-сатып алу шартының ережелерімен толық танысуға міндетті. Қосымшада Сертификатты пайдаланып әшекей бұйымды сатып алу Бағдарлама қатысушысының осы Регламент пен сату-сатып алу шартының барлық талаптарымен толық және сөзсіз келісімін білдіреді.

1.6. Сату-сатып алу шарты қоғамдық шарт болып табылады және Компанияның офертасын білдіреді. Бағдарлама қатысушысының Қосымша арқылы таңдалған әшекей бұйым үшін төлем жасауы

РЕГЛАМЕНТ ПРОГРАММЫ «АЛТЫН САНДЫҚ»

1. Общие положения

1.1. Настоящий Регламент Программы «Алтын Сандық» (далее – «Регламент») определяет порядок организации и проведения Программы «Алтын Сандық» (далее – «Программа») по реализации ювелирных изделий Компании (далее по тексту – «ювелирные украшения») среди наиболее лояльных Клиентов Компании.

1.2. Компания является собственником ювелирных украшений на момент проведения Программы и до передачи права собственности на соответствующее ювелирное украшение Участнику Программы согласно настоящему Регламенту.

1.3. Компания при реализации Программы руководствуется действующим законодательством Республики Казахстан, Уставом, настоящим Регламентом и иными утвержденными внутренними документами Компании.

1.4. В настоящем Регламенте используются следующие понятия:

- 1) **«Клиент»** – физическое лицо, которое имеет действующий (ранее действующий) договор о предоставлении микрокредита с Компанией;
- 2) **«Компания»** – товарищество с ограниченной ответственностью «М-Ломбард» и (или) товарищество с ограниченной ответственностью «МК-Ломбард»;
- 3) **«Приложение»** – мобильное приложение «M-Lombard», обеспечивающее оказание Компанией доступных в Приложении услуг, в том числе посредством соответствующего функционала – обмен информацией между Компанией и пользователем Приложения для участия в Программе согласно Регламенту и заключения соответствующему Договору. Использование Приложения выполняется через мобильный телефон или иное устройство Клиента, поддерживающее Приложение и доступ в Интернет;
- 4) **«Сертификат»** – цифровое подтверждение, которое дает право Участнику Программы покупать ювелирное украшение на условиях Программы согласно Регламенту;
- 5) **«Участник Программы»** – физическое лицо – лояльный Клиент Компании, которое обладает соответствующим Сертификатом и имеет право приобрести ювелирное украшение на особых условиях Программы.

1.5. Участник Программы обязан ознакомиться с настоящим Регламентом и положениями Договора купли-продажи до того, как решит воспользоваться полученным от Компании Сертификатом. Использование Сертификата при приобретении ювелирного украшения в Приложении является безоговорочным согласием Участника Программы с условиями настоящего Регламента и Договора купли-продажи.

1.6. Договор купли-продажи является публичным и представляет собой оферту Компании. Проведение

сату-сатып алу шартында көрсетілген талаптарды қабылдағанын және сол шарттың ережелеріне толықтай келісетінін растайды (акцепт).

2. Бағдарламаның жалпы шарттары

2.1. Бағдарлама бойынша қатысушылар жылына бір рет 1 (бір) алтын әшекей бұйымды белгілі бір жеңілдікпен сатып алуға құқық беретін цифрлық Сертификат алады. Сертификат тек Қосымша арқылы пайдаланылады. Бағдарлама бойынша Сертификаттарды беру кезеңі – 1 (бір) жыл: 2025 жылғы 1 қарашадан бастап 2026 жылғы 31 қазанға дейін. Компания Бағдарламаның мерзімдері мен ұзақтығын өзгерту құқығын сақтап қалады.

2.2. Бағдарламаға тек кәмелетке толған және толық әрекетке қабілетті, Компанияның Клиенті болып табылатын, сондай-ақ Қосымшада тіркелген жеке тұлғалар ғана қатыса алады.

2.3. Сертификаттар ай сайын беріледі. Сертификаттардың берілгені туралы Компания Клиентке осы Регламенттің 2.8-тармағында белгіленген тәсілдер арқылы хабарлайды.

2.4. Компания өзінің ішкі тәртібі бойынша ай сайын Сертификат берілетін Клиенттердің тізімін дербес айқындайды. Сертификат алушылар тізімін қалыптастыру кезінде Компанияның қызметтеріне тұрақты түрде жүгінетін және өз әшекей бұйымдарын кері сатып алатын тұрақты Клиенттерге басымдық беріледі. Аталған әдістеме Компанияның коммерциялық құпиясы болып саналады және жариялауға жатпайды.

2.5. Сертификаттың 3 түрі қолданылады:

- 1) «Сыйлы» – әшекей бұйымға 20% жеңілдік береді;
- 2) «Сенімді» – әшекей бұйымға 25% жеңілдік береді;
- 3) «Мықты» – әшекей бұйымға 30% жеңілдік береді.

Берілген Сертификаттың түрін басқа түрге ауыстыруға болмайды, яғни жеңілдік мөлшері өзгертілмейді.

2.6. Сертификатта, оның түріне қарамастан, келесі негізгі ақпарат көрсетіледі:

- 1) Сертификаттың атауы;
- 2) берілетін жеңілдіктің мөлшері;
- 3) Сертификаттың қолданылу мерзімі;
- 4) Сертификаттың жарамдылық мерзімінің аяқталу күні.

2.7. Компанияның Клиенті 1 (бір) күнтізбелік жыл ішінде тек 1 (бір) Сертификат ала алады.

2.8. Компания Сертификат берген Клиентке бұл туралы хабарлайды. Хабарлау келесі тәсілдердің бірі арқылы жүзеге асырылады:

- 1) Егер Клиент Қосымшада тіркелген болса, Қосымшаның функциялары арқылы:
 - хабарлама жіберу;
 - «Алтын Сандық» бөлімінде Сертификатта көрсетілген жеңілдік мөлшеріне сәйкес әшекей бұйымдардың жеке бағасын көрсету;
 - Клиенттің аккаунтында Сертификаттың бар екендігі туралы ақпаратты көрсету.
- 2) Егер Клиент Қосымшада тіркелмеген болса, Компанияға берілген Клиенттің ұялы телефон нөміріне SMS-хабарлама жіберу арқылы.

платежа Участником Программы за соответствующее ювелирное украшение означает принятие (акцепт) Участником Программы Договора купли-продажи на условиях, указанных в таком Договоре купли-продажи.

2. Общие условия Программы

2.1. Программа представляет собой условия, когда ее Участники получают цифровой Сертификат, который дает право покупки 1 (один) раз в год 1 (одного) золотого ювелирного украшения с определенной скидкой через Приложение. Период выдачи сертификатов по Программе – 1 (один) год: с 01 ноября 2025 года по 31 октября 2026 года. Компания оставляет за собой право изменить даты и продолжительность действия Программы.

2.2. Принять участие в Программе могут только совершеннолетние и полностью дееспособные физические лица, являющиеся Клиентами Компании, которые одновременно являются зарегистрированными пользователями Приложения.

2.3. Выдача сертификатов осуществляется ежемесячно. О выдаче сертификатов Компания уведомляет Клиента способами, установленными пунктом 2.8 настоящего Регламента.

2.4. Компания посредством установленного внутреннего порядка самостоятельно определяет каждый месяц список Клиентов, которым будет предоставлен соответствующий Сертификат. При составлении списка Клиентов – получателей Сертификатов, предпочтение отдается лояльным клиентам Компании, которые обращаются в Компанию за ее услугами на постоянной основе и выкупают свои ювелирные украшения. Применяемая при этом методика является коммерческой тайной Компании и не подлежит разглашению.

2.5. Применяется 3 вида сертификатов:

- 1) «Сыйлы», предоставляет скидку на ювелирное украшение в размере 20%;
- 2) «Сенімді», предоставляет скидку на ювелирное украшение в размере 25%;
- 3) «Мықты», предоставляет скидку на ювелирное украшение в размере 30%.

Один вид выданного Сертификата не может быть заменен на другой вид Сертификата, т.е. размер скидки не может быть изменен.

2.6. В Сертификате, независимо от его вида, указывается следующая основная информация:

- 1) наименование Сертификата;
- 2) размер предоставляемой скидки;
- 3) срок действия Сертификата;
- 4) дата истечения срока действия Сертификата.

2.7. Клиент Компании, может получить только 1 (один) Сертификат в течение 1 (одного) календарного года.

2.8. Клиент, которому Компания выдает Сертификат, получает информацию о получении данного Сертификата одним из следующих способов:

- 1) если Клиент зарегистрирован в Приложении – посредством функций Приложения:
 - направления уведомления;
 - отображения персональной цены ювелирных украшений со скидкой, указанной в

Компания өз қалауы бойынша Қосымшада тіркелген Клиенттерге қосымша SMS-хабарламалар жіберуі мүмкін.

2.9. Клиент Қосымшадағы тиісті беттерден Сертификаттың бар-жоғын және оның шарттарын өз бетінше тексере алады. Мұндай ақпаратқа тек Қосымшада авторизацияланған Клиент қана қол жеткізе алады.

2.10. Компания қызметкерлеріне Бағдарламаға қатысуға тыйым салынады.

2.11. Бағдарламаға қатысушы әрқашан келесі мәліметті түсініп, білуі тиіс: Бағдарламаға қатысу үшін Компания Қосымшадағы «Алтын Сандық» бөлімінде бұрын қолданыста болған әшекей бұйымдарды орналастырады.

3. Сертификатты пайдалану және әшекей бұйымдарды сатып алу тәртібі

3.1. Компания Бағдарлама қатысушысына берілген Сертификат және Бағдарлама аясында сатылатын әшекей бұйымдар жөніндегі ресми ақпараттың жалғыз көзі – Қосымшада орналастырылған Компания ақпараты болып табылады.

3.2. Сертификатты тек осы Сертификатты алған және ол туралы Компания тарапынан осы Регламенттің 2.8-тармағына сәйкес хабарланған Бағдарлама қатысушысы ғана пайдалана алады.

3.3. Бағдарлама қатысушысы алған Сертификатты берілген күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде пайдалана алады (берілген Сертификаттың қолданылу мерзімі).

3.4. Жаңа Сертификат Клиентке (Бағдарлама шарттарына сәйкес болған жағдайда) тек алдыңғы Сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін беріледі.

3.5. Егер Бағдарлама қатысушысы Сертификатты пайдаланбаса және оның қолданылу мерзімі аяқталса, жаңа Сертификат алдыңғы Сертификаттың мерзімі аяқталған соң, оған сатып алу жасалған не жасалмағанына қарамастан, берілуі мүмкін.

3.6. Егер Бағдарлама қатысушысы Сертификатты әшекей бұйымды сатып алу кезінде пайдаланса, келесі Сертификат тек Компания берген алдыңғы Сертификаттың берілген күнінен бастап 12 (он екі) ай өткеннен кейін ғана беріледі.

3.7. Бағдарлама қатысушысы Сертификат бойынша сатып алынған әшекей бұйымды қайтарған немесе оны беру пунктінде алудан бас тартқан жағдайда пайдаланылған Сертификаттың қолданылу мерзімі қалпына келтірілмейді.

3.8. Сертификат Бағдарлама қатысушысы осы Регламентте және сату-сатып алу шартында көрсетілген талаптарға сәйкес әшекей бұйымға төлем жасаған сәттен бастап пайдаланылған болып есептеледі.

3.9. Сертификат бойынша әшекей бұйымды тек Қосымшадағы «Алтын Сандық» бөлімінде сатып алуға болады. Клиент басқа Клиент сатып алғанға дейін Қосымшада көрсетілген кез келген әшекей бұйымды таңдап, сатып ала алады.

3.10. Компания Қосымшадағы «Алтын Сандық» бөлімінде Бағдарлама қатысушыларына бұрын пайдаланылған әшекей бұйымдарды сатып алуды ұсынады.

- Сертификате, в разделе «Алтын Сандық»;
- отображения информации о наличии Сертификата в аккаунте Клиента;

2) если Клиент не зарегистрирован в Приложении – посредством СМС-сообщения на мобильный номер телефона, который был предоставлен Компании Клиентом. По своему усмотрению, Компания может направлять СМС-сообщение также Клиентам, зарегистрированным в Приложении.

2.9. Клиент может самостоятельно проверить информацию о наличии Сертификата и его условиях на соответствующих страницах в Приложении. Доступ к такой информации есть только у авторизованного в Приложении Клиента.

2.10. Работники Компании не имеют право принимать участие в Программе.

2.11. Каждый Участник Программы должен осознавать и понимать, что для участия в Программе Компания размещает в разделе «Алтын Сандық» в Приложении ювелирные украшения, ранее бывшие в употреблении.

3. Порядок использования Сертификатов и приобретения ювелирных украшений

3.1. Единственным источником официальной информации о Сертификате, выданном Компанией Участнику Программы, и о ювелирных украшениях, реализуемых в рамках Программы, является информация, размещенная в Приложении Компании.

3.2. Сертификатом может воспользоваться только тот Участник Программы, который получил данный Сертификат и был уведомлен об этом Компанией в соответствии с положениями пункта 2.8 настоящего Регламента.

3.3. Участник Программы может воспользоваться полученным Сертификатом в течение 12 (двенадцати) месяцев с даты его выдачи (срок действия выданного Сертификата).

3.4. Новый Сертификат может быть выдан Клиенту (при соответствии условиям Программы) после истечения срока действия предыдущего Сертификата.

3.5. Если Участник Программы не воспользовался Сертификатом, и срок действия Сертификата истек, то Сертификат может быть выдан после истечения срока действия предыдущего Сертификата, независимо от факта совершения покупки по нему.

3.6. Если Участник Программы использовал Сертификат при приобретении ювелирного украшения, следующий Сертификат может быть получен только после истечения срока в 12 (двенадцать) месяцев с момента выдачи Компанией использованного Сертификата.

3.7. В случае возврата Участником Программы приобретенного по Сертификату ювелирного украшения или отказа от получения ювелирного украшения в пункте выдаче, действие использованного Сертификата не возобновляется.

3.8. Сертификат считается использованным с момента оплаты Участником Программы ювелирного

3.11. Бағдарлама қатысушысы әшекей бұйымды сатып алу туралы шешімді оны Қосымшада қарап шыққаннан кейін дербес қабылдайды.

3.12. Компания Қосымшада әшекей бұйымға сипаттама берген кезде әр бұйымның негізгі ерекшеліктерін көрсетеді.

3.13. Әшекей бұйымның жағдайы мен сипаттамасына қатысты шағымдар сатып алу аяқталған соң қабылданбайды. Алайда, сату-сатып алу шартында немесе осы Регламентте белгіленген жағдайлар мен тәртіпке сәйкес сатып алынған әшекей бұйымды Бағдарлама қатысушысы қайтаруы мүмкін.

3.14. Компания кез келген уақытта кез келген әшекей бұйымды сатылымнан себебін түсіндірместен алып тастау құқығын өзіне қалдырады.

3.15. Әшекей бұйымды таңдаудан және сатып алудан бұрын Бағдарлама қатысушысы Қосымшадағы тиісті бөлімде елді мекенді таңдайды. Таңдалған елді мекенге сәйкес Қосымшада сатып алуға қолжетімді әшекей бұйымдар және беру пункттері көрсетіледі.

3.16. «Алтын Сандық» бөлімінде ұсынылған әшекей бұйымдардың бағасы алтынның Лондон металл биржасындағы бағасына және валюталар бағамына байланысты күн сайын қайта есептелеп отырады.

3.17. Бағдарлама қатысушысы күн сайын Астана қаласының уақыты бойынша 09:00-ден 22:00-ге дейін әшекей бұйымды сатып ала алады.

3.18. Бағдарлама қатысушысы бір уақытта тек бір ғана әшекей бұйымды сатып алуға таңдай алады. Сатып алу рәсімі кезінде бұл әшекей бұйым уақытша басқа Бағдарлама қатысушылары үшін сатып алуға қолжетімсіз болып есептеледі. Таңдалған әшекей бұйымды сатып алуды аяқтау үшін Бағдарлама қатысушысына 30 (отыз) минут беріледі (бұл әшекей бұйым Клиенттің атына уақытша брондалады). Егер көрсетілген 30 (отыз) минут ішінде төлем жасалмаса, таңдалған әшекей бұйым басқа Бағдарлама қатысушылары үшін қайта қолжетімді болады (бронь алынып тасталады).

4. Төлем және жеткізу

4.1. Бағдарлама қатысушысы әшекей бұйымды таңдаған жағдайда, Сертификатта көрсетілген жеңілдікті ескере отырып, төлемді жоғарыда 3.18-тармақта көрсетілген мерзімде жүргізуге міндетті. Көрсетілген мерзімде төлем жүргізілмесе, таңдалған әшекей бұйым сатып алынбаған болып есептеледі.

4.2. Төлем тек қолма-қол ақшасыз тәсілмен, оның ішінде, Қосымшадағы Бағдарлама қатысушысының жеке кабинетінде сақталған банк карталары арқылы жүзеге асырылады. Барлық есеп айырысу теңгемен жүргізіледі.

4.3. Сатып алу басталғанға дейін Бағдарлама қатысушысы өзіне ыңғайлы беру пунктін таңдауы қажет. Әшекей бұйымдар тек Қосымшада көрсетілген беру пункттеріне жеткізіледі. Қосымшада көрсетілмеген қалалардағы Компания филиалдарына жеткізу, сондай-ақ Бағдарлама қатысушысының мекенжайына курьерлік жеткізу жүзеге асырылмайды.

4.4. Бағдарлама қатысушысы сатып алған әшекей бұйым таңдалған беру пунктіне шамамен 2 (екі) – 14 (он

украшения по условиям настоящего Регламента и Договора купли-продажи.

3.9. Ювелирное украшение по Сертификату можно купить только на странице «Алтын Сандық» в Приложении. Клиенту доступно для покупки любое ювелирное украшение, отображенное на странице Приложения до момента его покупки другим Клиентом.

3.10. Компания на странице «Алтын Сандық» Приложения предлагает к покупке Участникам Программы ювелирные украшения, бывшие в употреблении.

3.11. Участник Программы принимает решение о приобретении соответствующего ювелирного украшения самостоятельно после его осмотра в Приложении.

3.12. Компания при описании ювелирного украшения указывает характеристики каждого ювелирного украшения.

3.13. Претензии по состоянию ювелирного украшения и его описанию после завершения покупки не принимаются. Однако, в случаях и в порядке, определенных Договором купли-продажи или настоящим Регламентом, приобретенные украшения могут быть возвращены Участником Программы.

3.14. Компания оставляет за собой право в любой момент снять с продажи любое ювелирное украшение без объяснения причины.

3.15. Перед выбором ювелирного украшения и его покупкой Участнику Программы в соответствующем разделе Приложения будет предложено выбрать населенный пункт. В зависимости от выбранного населенного пункта в Приложении отражаются доступные для покупки ювелирные украшения и пункты выдачи.

3.16. Цена ювелирных украшений, представленных на странице «Алтын Сандық», ежедневно пересчитывается в зависимости от цены на золото на Лондонской бирже металлов и курсов валют.

3.17. Участник Программы может приобрести ювелирное украшение ежедневно с 09:00 часов до 22:00 часов времени города Астаны.

3.18. Участник Программы для покупки может выбрать только одно ювелирное украшение. На период оформления процесса покупки данное ювелирное украшение недоступно для покупки другими Участниками Программы. Для завершения покупки выбранного ювелирного украшения у Участника Программы имеется 30 (тридцать) минут (ювелирное украшение бронируется за Клиентом). В случае отсутствия проведения платежа в указанные 30 (тридцать) минут, выбранное ювелирное украшение становится доступным для покупки другими Участниками Программы (бронь снимается).

4. Оплата и доставка

4.1. Участнику Программы, выбравшему ювелирное украшение, необходимо произвести оплату за данное ювелирное украшение с учетом скидки, указанной в Сертификате, в срок, предусмотренный в пункте 3.18. выше. В случае неоплаты в указанный срок, соответствующее ювелирное украшение считается невыкупленным.

төрт) күнтізбелік күн ішінде жеткізіледі. Нақты жеткізу мерзімі беру пунктінің орналасуына және оның Алматы қаласынан қашықтығына байланысты анықталады.

4.5. Әшекей бұйым беру пунктіне жеткізілген соң Бағдарлама қатысушысына хабарлау келесі тәсілдердің бірі арқылы жүзеге асырылады:

- 1) Қосымшада хабарлама жіберу арқылы;
- 2) Қосымшадағы тиісті бетте тапсырыс мәртебесінің өзгеруі арқылы.

4.6. Беру пунктіне жеткізілген әшекей бұйым сол жерде 7 (жеті) күнтізбелік күн сақталады.

4.7. 4.6-тармақта көрсетілген сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін тапсырыс автоматты түрде күшін жояды. Бағдарлама қатысушысына төлем жүйесінің ережелері мен талаптарына сай ақша қаражаты қолма-қол ақшасыз тәсілмен қайтарылады. Сақтау мерзімі аяқталғанына байланысты тапсырыстың күшін жою туралы хабарлама Қосымшада көрсетіледі.

4.8. Әшекей бұйымды алу кезінде Бағдарлама қатысушысы оны Компанияның беру пунктіндегі қызметкерінің қатысуымен тексеруге міндетті.

4.9. Бағдарлама қатысушысының келесі құқықтары бар:

- 1) Қосымшада көрсетілген сипаттамаға сәйкес келмейтінін анықтаған жағдайда беру пунктінде әшекей бұйымды алудан бас тартуға;
- 2) әшекей бұйымды алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде оны алған кездегі күйінде және толық жинақта қайтаруға.

Қайтару шарттары сақталған жағдайда, қайтарылған әшекей бұйым үшін төленген ақша қаражаты төлем жүйесінің ережелері мен тәртібіне сәйкес Бағдарлама қатысушысына қолма-қол ақшасыз тәсілмен қайтарылады.

4.10. Төлем және жеткізудің өзге де шарттары сату-сатып алу шартында көзделеді.

5. Мәлімдемелер

5.1. Компания мәлімдейді:

- 1) Қосымшада ұсынылған әшекей бұйымдар туралы толық әрі нақты ақпарат фотосуреттерімен бірге орналастырылған;
- 2) әшекей бұйымдар Компанияның заңды ломбардтық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде меншікке алынған және Компанияның заңды меншігі болып табылады;
- 3) Қосымшада сатылымға қойылған барлық әшекей бұйымдар қолданыста болған;
- 4) сатылымға қойылар алдында әрбір әшекей бұйым аккредиттелген ұйымға сараптамаға беріліп, онда алтын сынамасы тексеріліп, Қазақстан Республикасының сынама таңбасы қойылған. Сондай-ақ әр бұйым кәсіби зергермен тазартылып, жылтыратылған;
- 5) Бағдарлама қатысушысына беру пунктінде берілетін әр әшекей бұйым Қосымшада Компания ұсынған сипаттамаға толық сәйкес келеді.

5.2. Бағдарлама қатысушысы төмендегіні мәлімдейді:

- 1) Қосымшада әшекей бұйымды сатып алу кезінде осы Регламентпен және сату-сатып алу

4.2. Оплата может быть осуществлена только в безналичной форме банковскими картами, в том числе сохраненными в личном кабинете Участника Программы в Приложении. Все расчёты производятся в тенге.

4.3. До начала покупки Участнику Программы необходимо выбрать удобный для него пункт выдачи ювелирного украшения. Доставка ювелирных украшений осуществляется только в пункты выдачи, доступные для выбора в Приложении. Доставка в другие филиалы Компании, в том числе в города, которые не являются доступными в Приложении, а также курьерская доставка по адресу Участника Программы не осуществляется.

4.4. Ювелирное украшение, приобретенное Участником Программы, будет доставлено в выбранный пункт выдачи ориентировочно в срок от 2 (двух) до 14 (четырнадцати) календарных дней, в зависимости от расположения пункта выдачи (удаленности от города Алматы).

4.5. По факту доставки ювелирного украшения в пункт выдачи Участник Программы будет уведомлен:

- 1) посредством получения уведомления в Приложении;
- 2) посредством изменения статуса заказа на соответствующей странице в Приложении.

4.6. Ювелирное украшение, доставленное в пункт выдачи, будет храниться в нем в течение 7 (семи) календарных дней.

4.7. После истечения срока хранения, указанного в пункте 4.6. выше, заказ автоматически будет отменен, а Участнику Программы будет осуществлен возврат денег безналичным способом в соответствии с правилами платежной организации, через которую проводился платеж. Об отмене заказа в связи с истечением срока хранения Участнику Программы будет направлено уведомление в Приложении.

4.8. При получении ювелирного украшения в пункте выдачи, Участник Программы обязан осмотреть данное ювелирное украшение в присутствии работника пункта выдачи Компании.

4.9. Участник Программы вправе:

- 1) отказаться от получения ювелирного украшения в пункте выдачи при обнаружении несоответствий с информацией, указанной в Приложении в описании данного ювелирного украшения;
- 2) осуществить возврат купленного ювелирного украшения в течение 14 (четырнадцати) календарных дней с даты его получения только при условии сохранения ювелирного украшения в том же виде/состоянии, в котором оно было получено в пункте выдачи.

При соблюдении условий возврата, Участник Программы получает обратно безналичным способом сумму, уплаченную за возвращенное ювелирное украшение, в порядке и сроки, установленные платежной организацией, через которую проводился платеж.

4.10. Иные условия оплаты и доставки предусмотрены Договором купли-продажи.

шартымен толық танысып, олардың талаптарын сөзсіз қабылдайтынын;

- 2) Компанияның Клиенті әрі Қосымшаның тіркелген пайдаланушысы екенін;
- 3) Сертификатты пайдаланып әшекей бұйымды сатып алу оның өз еркімен қабылдаған шешімі екенін;
- 4) Қосымшаға кіру және өзінің атынан бөгде тұлғаның әшекей бұйымды сатып алуына жол бермеу үшін толық жауапты екенін, сондай-ақ осыған байланысты туындайтын барлық шығындар мен құқықтық салдарларды, оның ішінде осы Регламентте көзделгендерді толық көлемде мойнына алатынын.

5.3. Бағдарлама қатысушылары туралы деректер және олардың Сертификат арқылы сатып алған әшекей бұйымдары туралы ақпарат Компанияның ішкі құпиялылық саясаты мен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес қорғалады және реттеледі.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Осы Регламенттің және сату-сатып алу шартының ережелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Компанияның бекітілген ішкі құжаттарына негізделеді және соларға сәйкес реттеледі.

6.2. Компания Бағдарламаға және/немесе Регламентке және/немесе сату-сатып алу шартына қажеттілігіне қарай өзгерістер енгізуге құқылы. Ақтуалды нұсқада соңғы жаңарту күні көрсетіледі.

Бағдарламаның және/немесе Регламенттің және/немесе сату-сатып алу шартының жаңа талаптары, егер жаңа редакцияда өзгеше көзделмесе, Қосымшада жарияланған сәттен бастап күшіне енеді және Сертификат алған Бағдарлама қатысушыларына қолданылады. Осыған байланысты Бағдарлама қатысушысы Сертификатты пайдаланып әшекей бұйымды сатып алар алдында әрдайым Регламенттің және сату-сатып алу шартының қолданыстағы нұсқасымен танысуға міндетті.

Қолданыстағы нұсқа әрдайым Компания Қосымшасының тиісті бөлімінде орналастырылады және еркін қолжетімділікте болады.

Жаңартылған күні: 03.11.2025 ж.

5. Заявления

5.1. Компания заявляет, что:

1) в Приложении содержится полная и достоверная информация о представленных ювелирных украшениях с фотоизображениями;

2) ювелирные украшения являются собственностью Компании и были получены в собственность Компании в результате осуществления законной ломбардной деятельности Компании;

3) все ювелирные украшения в продаже в Приложении являются бывшими в употреблении;

4) все ювелирные украшения перед выставлением на продажу в Приложении прошли экспертизу в аккредитованной организации, где проверена проба золота и нанесено пробирное клеймо Республики Казахстан. Также украшения очищены и отполированы профессиональным ювелиром;

5) каждое ювелирное украшение, передаваемое Участнику Программы в пункте выдачи, соответствует описанию, представленному Компанией в Приложении.

5.2. Участник Программы заявляет, что:

1) на момент покупки ювелирного украшения в Приложении полностью ознакомлен с положениями настоящего Регламента и Договора купли-продажи и принимает их условия безоговорочно;

2) является Клиентом Компании и зарегистрированным пользователем Приложения;

3) приобретение ювелирного украшения с использованием Сертификата является его собственным волеизъявлением;

4) самостоятельно несет ответственность за получение доступа к Приложению и покупку ювелирного украшения в Приложении посторонним лицом от его имени, в том числе за все связанные с этим расходы и иные последствия, в том числе указанные в настоящем Регламенте.

5.3. Сохранность в тайне сведений об Участниках Программы, а также информации о приобретенных ими ювелирных украшениях с использованием Сертификатов регулируется внутренними политиками конфиденциальности Компании и требованиями законодательства Республики Казахстан.

6. Заключительные положения

6.1. Положения настоящего Регламента и Договора купли-продажи основаны на и регулируются действующим законодательством Республики Казахстан, а также утвержденными внутренними документами Компании.

6.2. Компания имеет право вносить изменения в Программу и/или Регламент и/или Договор купли-продажи время от времени. В актуальной редакции указывается дата последнего обновления.

Новые условия Программы и/или Регламента и/или Договора купли-продажи вступают в силу с момента их размещения, если иное не предусмотрено новой редакцией Программы и/или Регламента и/или Договора купли-продажи, и распространяются на Участников Программы, получивших Сертификат(-ы). Таким образом, Участник Программы обязан каждый раз перед приобретением ювелирного украшения в Приложении с использованием Сертификата проверять

действующую редакцию Регламента и Договора купли-продажи.

Действующая редакция всегда доступна на соответствующей странице Приложения Компании.

Обновлено: 03.11.2025 года